Бекітемін:

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі.
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 01.04.-05.04. 2023-2024 оқу жылы.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Бұл қандай құс?»<br>**Шарты:** Ерекшеліктеріне қарай құстарды сипаттап айтады жыл құстарын ажыратады. | **«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді, Қайдан? Неге? Не үшін? Мен әуесқой баламын, Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br><br>Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды. | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. | **Сурет салу:** «Бақтар гүлдегенде»<br>**Мақсаты:** Көктемгі табиғат көрінісін салу. Табиғаттың келбетін, көктемгі тән белгілерді беру дағдысын нығайту, табиғатты аялауға тәрбиелеу. | **Д.О.** «Мандықты ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Мамандық иелері белгіленген суреттерге қарап, мамандық иелерін (дәрігер, мұғалім, ғарышкер, полиция, құрлысшы) айтады. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Сәуір айының 1-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз,<br>Қайырлы таң балалар! | **Шаттық шеңбері.**<br>Кім үлкенді тыңдаса,<br>Кім үлкенді сыйласа.<br>Үлкен болған кезінде,<br>Сыйлы болмақ өзі де. | **Шаттық шеңбері.**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізге мақтау сөздер сөздер айтайық.<br>-Сен әдемісің, мейірімдісің, денің сау болсын, сен ақылдысың. | **Сөздік ойын:** «Сиқырлы дүрбі»<br>**Ойынның мақсаты:** Топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілеттерін қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға **«сиқырлы дүрбіні»** көрсетеді және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Ән айту:** «Көктем» А.Жайымов. | | | | балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көретінін түсіндіреді. Алдымен педагог дүрбімен топтағы балаларды қарайды. Топтағы бір баланың жағымды, жақсы қасиеттерін атай отырып үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер екенін айтып береді. |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап көктем мезгіліндегі мазмұнды әңгімелердің айтылуына назар аудару, сөздерді дұрыс айта білуді үйрету.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.<br>-Сәлеметсіздер ме!<br>-Қайырлы таң!<br>-Қайырлы күн!<br>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:<br>-Сен әдемісің.<br>-Сен мейірімдісің.<br>-Сен ақылдысың.<br>-Сен адал доссың. | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше суреттер таратылып беріледі. Балалар сол суреттерге қарап сөйлем құрайды.<br>**Д.О.** «Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, балалардың тіл байлығын арттырып, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шығармашылық сәт.** «Қыдырымпаз мысық» «Адам итпен және мысықпен қалай достасты?» ертегісінің желісімен, ермексазбен жұмыс істеу.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Шықпайды үйден,<br>Тоны жібектен.<br>Күндіз ұйықтайды,<br>Түнде дамыл таппайды.<br>Аңға барады,<br>Сол аңды үйден табады.<br>(мысық).<br>Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Зériксе ұйқыға бір тоймайды.<br>(мысық). | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы аралықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басталатын сөздерді айтады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**«Санау әні»** Үнтаспа.<br>**Д.О.** «Кім шатаспай санайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар 1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.<br>**Д.О.** «Жәндікте неше аяқ бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың санау және салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер бар. Балалар суреттегі жәндіктердің неше аяғы бар екенін санап, санын айтады. Соңында ең аяғы көп | Балаларды топқа бөлу.<br>**1-ші топ:** Сурет бойынша әңгіме құрастырады.<br><br>**2-топ:** Ермексазбен жұмыс. Жылы құсы қарлығашты мүсіндейді.<br><br>**3-топ:** Боямақ. Берілген суретті бояйды, әңгімелейді.<br><br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқы аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздерімен таныстыру. | сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемдерді аяқтайды.<br>Көктем......<br>Күн.......<br>Қар.......<br>Құстар.......<br>Аю......<br>Тиін.....<br>Кірпі.......<br>Ағаштар......<br>Бәйшешек.....<br>Қызғалдақ......<br>Сарғалдақтар.....<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Дауыстап санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыстап санауға, қортынды санды есте сақтауға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог үстелді бірнеше рет соғады. Балалар дауыстап санайды. Педагог балалардан қанша рет соғылғанын | Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түні бойы,<br>Тышқанды көп қуады.<br>(мысық).<br>Көкке шаншып құйрығын,<br>Келеді шауып жүйрігім.<br>(күшік)<br>-Балалар, сендердің үйлерінде мысық пен күшік бар ма?<br>-Мысық пен күшік не жейді?<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Мысық.**<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен ерте тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br>Қасымнан бір қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсамда күнімен,<br>Ойынға бір қанбайды.<br><br>Есік кенет ашылып,<br>Ішке кірді жұмбақ аң.<br>Пеш түбінде тосып,<br>Отыр көзін қысып.<br>Абай бол, тышқан пысық.<br>Аңға шықты... .<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>.Мысығығыңның түсі қандай болатынын аныкта.<br>.Ермексаздан мүсінде.<br>.Мысық туралы әңгіме құрастыр.<br>.Оны әңгімелеп бер.<br><br>**2.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын су айдыны, бақша, бақ, алаң) қозғалу | <br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Жоғалған қай сан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтада 1-ден 10-ға дейінгі сандар қатары ілініп тұрады. Педагогтың белгісімен балалар көздерін жұмады. Педагог бір санды алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қай сан жоқ екенін айтады.<br>**Саусақтар әні.**<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жәндіктің суретін салады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкімдік беру.<br>**Ән айту:** «Ертегілер»<br>**Ертегілер еліне саяхат.**<br>Әр суретте қандай ертегі бейнеленгенін айт.<br>**Д.О.** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, жолдастыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша ертегілердің аттары мен қысқаша мазмұнын айту.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>.Көлеңкесінен қорқып безектейді,<br>Ал оның баласын....(көжек) дейді.<br>.Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп ылғи тұрады.<br>(қоян). | **Шаттық шеңбері.**<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса.<br>**Ой қозғау:**<br>-Орман дегеніміз не?<br>-Орман қандай болады?<br>-Орманда не өседі?<br>-Орманда нелер мекендейді?<br>-Аңшы дегеніміз кім?<br>-Орманды кім қорғайды?<br>**Орман.**<br>Орман міне,<br>Мұның да үні,<br>Кейде жұмсақ,<br>Кейде шу.<br>Кейде тынық,<br>Кейде сұлық,<br>Кейде дауыл,<br>Кейде гу.<br>**Тыңда:** «Орманшының баласы» М.Әбдірашева. (балаларға мәнерлеп оқып беру).<br>**Сергіту сәті.**<br>**Шарты:** Балалар бірге айтады, қимылмен көрсетеді.<br>Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз,<br>Теңселе басып жүреміз.<br><br>Алдымызда талдардан,<br>Жылтыңдаған қу түлкі.<br>Біз түлкіні алдаймыз,<br>Жүгіріп басып қалмаймыз.<br>Қояндарды көреміз,<br>Қоянға ұқсап жүреміз.<br>Қолымызды алға ұстап,<br>Секіре басып келеміз.<br>**Сурет салу.** «Орман» | сұрайды. Балалар санын айтады.<br>**«Күшіктер санамағы»**<br>Үнтаспа.<br>**Д.О.** «Қанша? Неше? Нешеу?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретте бейнеленген заттарды санайды. Қандай заттар нешеуден екенін айтады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Сергіту сәті.**<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкімдік беру.<br>**Жұмбақтарды шешіп көктем сыйын ұтып ал!**<br>.Күні бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара).<br>.Алға қарай артқа қарай жүреді,<br>Еңбексүйгіш оны бәрі біледі.<br>(құмырсқа).<br>.Ұшады, қонады, | тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>**Д.О.** «Кім қайда тұрады?»<br><br>**Д.О.** «Кім нені жейді?»<br><br>**Бірге жаттайық.**<br>Ян-ян-ян,<br>Жүгіріп жүр қоян.<br>Ыр-ыр-ыр,<br>Ырылдайды қасқыр.<br>Кі-кі-кі,<br>Бұлаңдайды түлкі.<br>Ю-ю-ю,<br>Қорбаңдайды аю. | Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Сергіту сәті.**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2,3,4 алақанды соғайық.<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрыр,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Міндеттері:** Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстрымен ондағы заттардың арасындағы кеңістік қатынастарды жеткізе білу.<br>**Д.О.** «Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Шарты:** Тақтаға бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттері ілінеді. Балалар оларды атайды, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажыратады.<br>**Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Шарты:** Балалар суретке қарап қандай ертегі бейнеленгенін және ертегіден қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | .Өзінше ноян,<br>Қорқақ кім?<br>(қоян).<br>.Далада жүр шапқылап,<br>Керемет бір саққұлақ<br>қоян).<br>-Қоян қандай аң?<br>-Ол қайда мекендейді?<br>-Қоянның құлағы қандай?<br>-Қоянның құйрығы қандай?<br>-Қоянның баласын қалай атаймыз?<br>-Қоян немен қоректенеді?<br>-Қыста қоянның тоны қандай болады?<br>-Көктемде қоянның тоны қандай болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Үркек қоян, сақ қоян.<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым»-деп ат қоям.<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Тапқыр қоян» (балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқып беру).<br>**Сергіту сәті.**<br>**Шарты:** Балалар жатқа айтады, қимылмен көрсетеді.<br>Аппақ, аппақ ақ қоян,<br>Қасқыр келді жат қоян.<br>Өтіп кетті сұр қасқыр,<br>Орныңнан тұр ақ қоян,<br>Серір-секір қаш қоян!<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:**<br>«Тапқыр қоян»<br>**Шарты:** Ертегіні сахналау.<br><br>**4.Денешынықтыру.** | **3.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын су айдыны, бақша, бақ, алаң) қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:** хатқалтадан шыққан жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастырады және оларды ажыратады.<br>**2-топ:** хатқалтадан шыққан жануарлардың мекендеу орнын анықтап айтып береді.<br>**3-топ:** хатқалтадан шыққан жануарлардың қозғалу тәсілін қимылмен көрсетеді.<br>**4-топ:** климаттық аймақтарда мекендейтін жануарлар туралы өз білгендерін айтады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Ян-ян-ян,<br>Жүгіріп жүр қоян.<br>Ыр-ыр-ыр,<br>Ырылдайды қасқыр.<br>Кі-кі-кі,<br>Бұлаңдайды түлкі.<br>Ю-ю-ю,<br>Қорбаңдайды аю.<br>Са-са-са,<br>Ызыңдайды маса.<br>Қа-қа-қа,<br>Бақылдайды бақа.<br>**Д.О.** «Ойлан тап» | Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек).<br>.Ызыңдап ән салады,<br>Лас жерге қонады.<br>(шыбын).<br>.Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші).<br>Үп-үшкір тағы,<br>Жыланның көзін ояды.<br>(дәуіт).<br>Өзі төрт қанатты,<br>Және алты аякты.<br>Сонда да тік ұшақ,<br>Моделі сияқты.<br>(инелік).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, өзің білетін жәндіктерді ата. Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяқтарын сана. Нешеу? Суреттен жәндіктерге жатпайтын нені көріп тұрсың? Оларды ата.<br>**Тыңда.**<br>Ы.Алтынсариннің **«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»** әңгімесін балаларға оқып беру.<br>-Әңгіме не туралы айтылған?<br>-Әңгімедегі кейіпкерлерді ата.<br>-Өрмекші неге өрмек тоқып жүр?<br>-Құмырсқа не істеп жүр?<br>-Қарлығаш неге шөп жинап жүр?<br>-Атасы баласына қандай ақыл айтты?<br>**Мақалды жаттаймыз.**<br>Еңбек еткен, мұратқа жеткен. | Са-са-са,<br>Ызыңдайды маса.<br>Қа-қа-қа,<br>Бақылдайды бақа.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау. Қазақ халқының аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дукенұлының шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Көктемде ұшып келеді,<br>Жаздай концерт береді.<br>Бұл қандай құс?<br>Тау басында ағаш үй,<br>Соны мекен етеді.<br>Қыста алысқа кетеді.<br>Бұл қандай құс?<br>(қараторғай).<br>-Қандай құстарды білесіңдер?<br>-Жыл құстарын атаңдар.<br>Жылдың қай мезгілінде құстар ұшып келеді?<br>Құстарға қандай қамқорлық көрсетесіңдер?<br>**Музыка тыңдау:** «Қара торғай» Ақансері. Үнтаспа. | <br>**Д.О.** «Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у»<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегі зообақ»<br>**Шарты:** Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>**Сурет салу.** «Менің сүйікті ертегім»<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Тамақтану мәдениеті.**<br>**Есте сақта!**<br>.Дастархан басына отырғанда қол таза болуы керек!<br>.Тамақты шайнағанда сөйлеуге болмайды!<br>.Аузыңды жауып, дыбысыңды шығармай шайна!<br>.Тамақ қалдығы мен нан қоқымын қолмен емес, арнайы шүберекпен сүртеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>«Денсаулық құпиялары»<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>**Таза ауа.**<br>«Басты байлық-денсаулық»<br>Бабаң айтқан даналық.<br>Ол үшін көп қозғалып,<br>Таза ауа жұт көбірек.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Спорт.**<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы тебеміз. | **Шарты:** Суреткен қандай жануарлар көріп тұрғанын айтады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау. Қазақ халқының аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дукенұлының шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің карқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей. | Балаларды топқа бөлу:<br>**1-топ:** Сурет салу. Қарлығашқа ұя, өрмекшіге өрмек салып беру.<br>**2-топ:** Мүсіндеу. Құмырсқаға илеу мүсіндеу.<br>**3-топ:** «Бөліктерді құрастыр»<br>**Шарты:** Бөліктерді құрастырады. Қандай сурет пайда болғанын айтады.<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>**«Жарқын күн»**<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды | **Ән айту:** «Қарлығаш» А.Жұбанова.<br>**Билер:** «Тырналар биі»<br>Екі қолды қанат секілді қағып, аяқтың ұшымен жүгіріп, жеңіл қимылдар жасаймыз. Құстардың ұшуын қолдың көмегімен, музыка ырғағына үйлесімді жасау керек.<br>-Енді шеңбер бойымен жеңіл жүгіріп, қалықтаған кейпін, жан-жағына мойнын созып қараған кейпін келтірейік. | .Ортаға қойылған тамақты тек өз алдыңнан ғана алып же!<br>Дұрыс тамақтану адам денсаулығына өте пайдалы. Таңертеңгі асқа сұлы, күріш, қарақұмық, тары сияқты дәнді дақылдардың бірінен дайындалған ботқа жеу керек. Ботқаға жеміс-жидек, жаңғақ қосу оны пайдалы әрі дәмдірек етеді.<br>-Сендер қандай ботқаны жақсы көресіңдер?<br>-Үйде ботқаны өзің қалаған әдіспен безндіріп көр.<br>.Ет, тауық, балық сорпасы пайдалы.<br>-Отбасында анаң қандай сорпа дайындайды?<br>-Сен және жақындарың қандай ыстық тамақты ұнатасыңдар? Әңгімелеп бер.<br>-Сорпадағы жуа, сәбіз, картопты теріп алып тастайтын балаға не деуге болады?<br>.Тамақ дайындайтын адамның еңбегін құрметте.<br>.Көкөніс салаты өте пайдалы. Салат дәмді болу үшін не қосып араластыруға болады?<br>**Есіңе сақта!**<br>.Көшеде жүріп тамақтанба!<br>.Түргеп жүріп тамақтанба? Ол ас қорыту үшін зиян.<br>.Тамақтанар алдында тәттілерді жеме!<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Пайдалы тағам»<br>**Шарты:** Бес пайдалы тағам түрін анықта. Олардың суретін сал. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>(Балалар бірнеше жаттығу түрлерін орындайды).<br>**Денеңді шынықтыр.**<br>Жазда шомылуға, күнге күюге болады. Таза ауада болу өте пайдалы. Спорттық ойындарды көп ойнаған дұрыс. Спорттық ойындардың барлығы дененің шынығуына, жылдамдықты, ептілікті арттыруға көмектеседі. Қысқы шынығу денсаулыққа өте пайдалы. Қыста балалар далада ойнағанды ұнатады. Үлпілдек ақ қар, айнадай жарқыраған теп-тегіс мұз, таза ауа балалардың көңіл-күйін көтереді. Ойын кезінде терлеп кетпеу және ауыр болмау үшін спорттық киім кию қажет. Спорттық киім жеңіл, ыңғайлы әрі жылы болады.<br>-Денені қалай шынықтыруға болады?<br>-Тағы қандай қысқы және жазғы ойын түрлерін білесіңдер?<br>-Достарыңмен қандай ойындар ойнағанды ұнатасыңдар?<br>**Қимылды ойын:** «Толқиды теңіз»<br>**Ойын барысы:** Педагог даусын сәл көтере сөйлейді:<br>Толқиды теңіз бір! | Үнтаспа.<br>-Күй көңілді ме, әлде көңілсіз бе?<br>-Күйді тыңдағанда қандай әсер алдыңдар?<br>**Жаңылтпаштар жаттайық.**<br>Көк тырна, көп тырна,<br>Тыраулап тек көп тұрма.<br><br>Қара қарғаларға,<br>Ала қарғалар үйір.<br>Ала қарғаларға,<br>Қара қарғалар үйір.<br>**Ой қозғау:**<br>-Қандай құстарды білесіңдер?<br>-Жыл мезгіліне сәйкес құстар тіршілігінде қандай өзгерістер болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Келді аққу, көкте қаз,<br>Орманда бұлбұл сайраған.<br>Көптен күткен көктем кеп,<br>Құлпырып дала жайнаған.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Қос қанатын иіп ап,<br>Жарға келіп қонады.<br>Қара киім киіп ап,<br>Балшықтан үй соғады.<br>(қарлығаш).<br>***Ән айту:*** «Қарлығаш» А.Жұбанова.<br>-Ән не туралы?<br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br>-Тағы қандай құстарды білесіңдер?<br>-Құстардың қандай пайдасы бар?<br>**Билер:** «Тырналар биі»<br>-Тырна деген қандай құс?<br>-Құстар қай дене мүшелерімен көп қимыл жасайды?<br>Екі қолды қанат секілді | жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-бірімен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br>**Қимылды ойын:** «Лақтыр да, қағып ал»<br>**Ойын барысы:** Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді.<br><br>**5.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Қайық.<br>**Сабақтың мазмұны:** Оригами әдісі арқылы қайықты жапсыру.<br>**Д.О.** «Толықтыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы түсік беру, олардың түрлерін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Толқиды теңіз екі!<br>Толқиды теңіз үш!<br>(балалар теңіздегі толқынды бейнелейді)<br>Теңіз толқыны тоқта!<br>Осы кезде әуен тоқтатылып, **«толқындар»** орындарында сол кейіпте қозғалмай тұрып қалады.<br>**Қимылды ойын:** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала мысық болады. Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>**Мысық:** «Мияу!»-деп балаларды қуа жөнеледі. | қағып, аяқтың ұшымен жүгіріп, жеңіл қимылдар жасаймыз. Құстардың ұшуын қолдың көмегімен, музыка ырғағына үйлесімді жасау керек.<br>-Енді шеңбер бойымен жеңіл жүгіріп, қалықтаған кейпін, жан-жағына мойнын созып қараған кейпін келтірейік. | ажырата білуге үйрету. сөздік қорларын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып, сөйлемді толықтырып айтады. **Мысалы:**<br>Егер әуеде ұшса бұл...(әуе) көлігі. Олар: ұшақ, тікұшақ.<br>Егер жермен жүрсе-бұл...(жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, автобус, троллейбус.<br>Егер сумен жүрсе-бұл...(су) көлігі. Олар: кеме, қайық, теплоход.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>. Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі.<br>(қайық).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Жапсыру:** «Қайық»<br>Оригами әдісі арқылы қайықты жапсыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қанатымызды жаямыз.<br>Ұшақ болып ұшамыз,<br>Суда жүйіткіп жүземіз,<br>Кемелерді түземіз.<br>Жол тәртібін сақтап,<br>Троллейбусқа мінеміз. | | |
| **Серуен.** | №1. Ауа-райына бақылау жасау. | №15. Бұталарды бақылау. | №18. Қараторғайларды бақылау. | №16. Шырша және қарағайды салыстыра бақылау. | №5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.** (қолын жазуға жаттықтыру).<br>Әртүрлі бағыттағы | **1.Сурет салу.**<br>Боямақ. «Алғашқы гүлдер» (дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу). | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | **1.Қазақ тілі.**<br>Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытуды жалғастыру. | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Балаңыздың сөзіне құлақ асыңыз» | Ата-аналарға кеңес: Балаларға кітаптардан қызықты әңгіме, ертегілер оқып беруге кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: «Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін!

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 08.04.-12.04. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Кім зейінді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Түстерді танып, ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы**: Бірінші қандай түсті қарындаш қойылған? Екінші ше? Үшінші ше? Төртінші ше?<br>(бірінші-қызыл түсті қарындаш қойылды. Екінші-сары, үшінші-жасыл, төртінші-көк). | **«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді,<br>Қайдан? Неге? Не үшін?<br>Мен әуесқой баламын,<br>Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br>Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды. | **Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет. | **Д.О.** «Ажырата біл»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Ауаны ластайтын және ауаны қажет ететін карточкаларды екіге бөліп топтастырып, суреттен тауып ажырату. (шаңтозаң, көліктер, өрт, ғарыш, кемелер, өсімдіктер, адамдар, ағаштар, жануарлар).<br>-Ауаны ластамау үшін не істеу керек? | **Боямақ:** «Ғарыш кемесі»<br>«Жұлдызды аспан әлемі» |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Сәуір айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Көктем, көктем, көктемде,<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Қуанып бір қаламыз,<br>Әнмен қарсы аламыз.<br>**Ән айту:** «Көктем» | **Шаттық шеңбері.**<br>Отбасында гүліміз,<br>Көңілді өтер күніміз.<br>«Қайырлы таң!» -деп айтамыз,<br>Бір болып үйге бірге қайтамыз. | **Шаттық шеңбері**<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса-жаса жарқын күн,<br>Жаса-жаса алтын күн. | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз, | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру.<br>Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Сипатта»<br>**Ойынның мақсаты:** Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері, көктем туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Ойын барысы:** Көктем мезгілін сипаттау, өз ойын айта білу.<br>**Д.О.** «Гүлдер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға гүл күлтерін таратып беру және оларды 5 түрлі түспен бояту, әр күлтеге гүлдің қандай екендігіне 5 түрлі сөз тіркесін құрастырып айтуды ұсыну.<br>**Мысалы:** әдемі гүл, қызыл гүл. т.б.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>Гүлім, гүлім өсе бер,<br>Әдемі боп, асыл боп.<br>Күндей жайнап кете бер,<br>Қызыл, сары, жасыл боп.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді)<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>-Қолымызды Күнге созайық.<br>**Д.О.** «Көктем екенін қайдан білдіңдер?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, әңгімелеп айтуға, берілген сұрақтарға нақты жауап айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сұрақтарға нақты жауап айтады. Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастырады. Суреттен «Көктем», «Қардың еруі», «Көктем келді», «Сең жүру» тақырыптарының бірін таңда.<br>-Көктемгі ауа-райының қысқы ауа-райынан қандай | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Танып ал да, атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру, балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсетеді. Ортаға бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін және сол ойыншық туралы әңгіме құрауды ұсынады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>**Д.О.** «Дыбысты ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздегі бірінші және соңғы дыбысты атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог суреттегі заттарды атап балаларға көрсетеді. Балалар тыңдап, барлық сөздегі дыбысты атайды және мысалдар келтіреді.<br>**Д.О.** «Суретті тіз»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздегі бірінші дыбысты анықтай білуді үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**Д.О.** «Ғажайып өзгертулер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше суреттерді балалармен бірлесе отырып таңдап алады. Таңдаған суреттерінен барлығы бірлесіп талқылап, ортақ бір ертегі немесе әңгіме құрастырады.<br>**Д.О.** «Менің жаңа ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Балаларға аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа бір ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады.<br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқының мал | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. 10 көлеміндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз.<br>(зымыран).<br>**Ой қозғау:**<br>-Айға немен ұшады?<br>-Ғарышкер дегеніміз кім?<br>-Айға ұшқыларың келе ме?<br>Балалар өз ойларын айтады.<br>**Д.О.** «Ғарышкерді зымыранға жеткіз»<br>**Шарты:** Балалар ғарышкердің зымыранға бару жолын табады.<br><br>**Д.О.** «Зымыранда қандай сандар жоқ?»<br><br><br>**Шарты:** Жоқ сандарды табады.<br>**Д.О.** «Кім жүйрік?» | айырмашылығы бар?<br>-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Көктем айларын атаңдар.<br>-Қай айдан басталады?<br>-Жерде, далада, ағаштарда қандай өзгерістер болады?<br>-Көктемде алғаш қандай құстар ұшып келеді?<br>-Көктемде адамдар қандай еңбек етеді?<br>-Көктемгі еңбек түрлерін атаңдар.<br>-Сенің отбасың көктемде қандай еңбек түрімен айналысады?<br>**Д.О.** «Заттардың атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, еңбек құралдарын атап, оларды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттен еңбек құралдарын атайды, олардың не үшін қажет екенін түсіндіреді.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Сулар ағып жылғадан,<br>Құстар әнін жырлаған.<br>Бұлт айдары желбірейді,<br>Бұл мезгілді қалай дейді?<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» Көктем. Б.Ерзаков.<br>-Тыңдаған әніміз жылдың қай мезгілі туралы?<br>-Көктемде қандай құбылыстар болады?<br>**Д.О.** «Мен еңбекқор баламын»<br>**Ойынның мақсаты:** Сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға | **Ойын барысы:** Педагог балалардың алдына суреттерді қояды да атайды, содан соң оларды бірінші дыбысына қарай топтастыруын сұрайды.<br>**Мысалы: А**-алма, алмұрт, асқабақ, аққу, автобус, ай.<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Түстеріне қарай топтастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды түстерді ажырата білуге және заттарды санап, санын айта білуге үйрету. Білімдерін толықтыру.<br>**Ойынның барысы:** Балалар берілген заттарды түсіне қарай топтастырады және санап, санын айтады.<br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Сергіту сәті.**<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға | өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздерімен таныстыру.<br>**Тыңда.**<br>**Соғым сою, соғым-**қысқы азық қорына арналып дайындалған ет. Бұл әр жыл сайын қайталанып отыратын қыстық азық-түліктің мол қоры. Соғым сойылғаннан кейін мол қуырдақ қуырылады. Соғымнан туған-туыс, құда-жекжат, көрші-көлемдер міндетті түрде ауыз тигізу керек немесе сыбағасын беріп жібереді.<br>**Сыбаға-**құрметті қонаққа немесе ең жақын ағайын туысқа арнап сақталған кәделі ет мүшелері, тағам.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**3.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Бала нені армандап тұр?<br>-Сенің ғарышкер болғың келе ме?<br>-Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>-Ғарышқа ұшу үшін қандай болу керек? | сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Қимылды ойын:** «Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер (обруч) тұр. Әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.<br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Сергіту сәті.**<br><br>**3.Мүсіндеу.**<br>**Міндеттері:** Туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Жұмысты ұқыпты орындау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**Шарты:** Зымырандағы берілген есептерді шығару.<br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкімдік беру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз!<br>**Педагог:**<br>-Айға ұшқыларың келе ме?<br>-Айға ұшу үшін қандай болу керек?<br>-Айға немен ұшады?<br>Балалар өз ойларын айтады.<br>**Тыныштық сәті:**<br>Көзімізді жұмып, көз алдымызға аспан әлемін елестетеміз. Аспан әлемі | тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар дөңгелене тұрады. Педагог допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br><br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқының мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбағы) сөздерімен таныстыру.<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Шарты:** Жұмбақты шешіп көктем сыйын ұтып ал! Балаларға үй жануарлары туралы жұмбақтар жасыру.<br>.Кезекті бір жануар,<br>Үстінде екі тауы бар.<br>(түйе).<br>.Мінсең желдей жүйіткиді,<br>Көңілің таудай өседі.<br>Алып ұшар алысқа,<br>«Ер қанаты» деседі.<br>(жылқы).<br>.Басында екі мүйізі бар,<br>Үстінде киізі бар.<br>(сиыр).<br>Кішкентай ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.<br>(қой).<br>Басында еті таяғы бар,<br>Төрт аяғы бар.<br>Сегіз тұяғы бар,<br>Иегінде сақалы бар.<br>(ешкі).<br><br>**Тыңда.**<br>Адамдар үй жануарларын бағып күтеді. Үй | эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкімдік беру.<br>**Ой қозғау:**<br>-Қандай ертегілерді білесіңдер?<br>-Өткен сабақта біз қандай ертегімен таныстық?<br>-Сәруар қайда ұшпақ болды?<br>-Сәруар айға ұшу үшін қасына кімді ерткісі келді?<br>-Сәруармен бірге айға кімдер ұшты?<br>-Сәруардың нағыз достарын ата.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Сәруар»<br>**Шарты:** Ертегіні сахналау.<br>**Жаңылтпаштар жаттайық!**<br>.Ғарышкер ұшты ғарышқа,<br>Ғарышқа ұшты ғарышкер.<br>Айтшы ғарыш алыс па?<br>**Д.О.** «Суретті жина»<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әуе көліктерінің суреттері салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, әуе көліктерін құрастырады.<br>**Д.О.** «Ғарыштық ұйқы»<br>**Шарты:** Балалар етпеттерімен қолмен аяқтарын екі жаққа созып, **«жұлдыз»** қалпында жатып **«ұйықтайды»** балалар ұйқыларынан оянып қандай ғарыштық түс көргендерін айтады.<br><br>**4.Дене шынықтыру.** | **Бірге жаттайық.**<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Ойынның мақсаты:** Ғарыш туралы білімдерін толықтыру. Балаларды батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Ортада бір бала **Күн** болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар. **Мысалы:** Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б. Көңілді музыка әуенімен балалар **«Күнді»** айналып жүреді.<br>**Сурет салу.** «Ғарыш кемесі»<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді-домалақ пен сопақшаларды пайдалану арқылы ғарыш кемесінің суретін салуды үйрету; балалардың аспан әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру, қиялдау сезімдерін дамыту.<br>**Шарты:** Ғарыш кемесінің суретін салу.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау. Қазақ халқының аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен «күй» | заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық тұрады. Педагог балаларға кезекпен допты лақтырады. Допты қағып алған бала қай қалаға барғанын және қандай көрікті жерлерде болғанын әңгімелейді.<br>-Біз қай қалада тұрамыз?<br>-Біздің туған өлкемізде қандай мәдени мұра ескерткіштері бар?<br>-Біздің қаламызда қандай атақты адамдардың ескерткіштері бар?<br>**Д.О.** «Қазақстан қалалары»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақстан қалалары және көрікті жерлері туралы білуі.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап қалалар туралы әңгімелеу. Қаладағы мәдени мұра ескерткіштерін атау.<br>**Шығармашылық үзіліс.** Туған өлкеміздің мәдени мұра ескерткіштерін мүсіндеу, оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | недеген әдемі! Жұлдыздар жымыңдайды. Терең тыныс алып, көзімізді ашамыз. Көңіл-күйлерің қандай болды?<br>**Ертегілер елінде.** «Сәруар» ертегісін балаларға мәнерлеп оқып беру.<br>-Сәруар қайда ұшпақ болды?<br>-Не үшін Аюға барды?<br>-Аю келісті ме?<br>-Қасқыр келісті ме?<br>-Түлкі келісті ме?<br>-Қоян неге қорықты?<br>-Айға ұшуға күшік пен мысық неге келісті?<br>-Сәруардың нағыз достарын ата.<br>-Достар қандай болу керек?<br>**Сергіту сәті.**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнап күлеміз.<br>Міне, біздер қандаймыз,<br>Әрқашанда тілектес,<br>Досыңа көмектес.<br>**Д.О.** «Менің досым»<br>**Шарты:** Балалар бір-біріне әдемі кішкентай жүрекшені ұсына отырып, өз досының бойындағы жақсы қасиеттерін айтады.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Сурет салу:** «Зымыран»<br>**Қорытынды:**<br>-Айға ұшу сендерге ұнар ма еді?<br>-Айға ұшу үшін қандай болу керек?<br>-Айға ұшқанда қасыңа кімді ерітер едің?<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы | жануарларына арнайы жылы қора-жай дайындайды. Онда жем-шөп салатын астау және су құятын науа қойылады. Оларға жем-шөп береді және суарады. Қора-жайды желдетеді, тазалайды. Көктемге қарай үй жануарлары төлдейді. Түйе боталайды, бие құлындайды, сиыр бұзаулайды, қой қоздайды, ешкі лақтайды. Жазда үй жануарлары жайлауда болады. **Жайлау**-жазғы қоныс. Жайлаудың суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. Жайлауға үй жануарларын жаяды.<br>**Музыка тыңдау:** «Мен жайлауға барамын» Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Қошақаным»<br>**Д.О.** «Үй жануарлары мен төлдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттеп, үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтіп-баптауға болатыны туралы айтып беруін ұсынылады. | Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.<br>Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Ол-мен, ол-мен,<br>Және менің достарым!<br>-Еңбегімен өз үйін,<br>-Көркем етер кім екен?<br>-Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>-Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>-Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>-Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>-Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен?<br>-Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>-Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді.<br>«Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»<br>**Көзге арналған гимнастика.**<br>Көркем көбелек,<br>Бізді желпіп кет.<br>Көркем көбелек,<br>Көзімізді демалтып,<br>Шипа беріп кет»<br>Балалар көздерін 1-2 секунд жұмып тұрып, ашып қалып, тез-тез жыпылықтатады.<br>**Тамақтану мәдениеті.**<br>**Есте сақта!** | жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Музыка тыңдау:** «Балбырауын» Құрманғазы. Үнтаспа. Күй жылдам көңілді орындалады.<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық аспаптарын біліп тануға, оларды ажырата білуге үйрету. Білімдерін толықтыру. Музыкалық аспаптарға деген қызғушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтаға ілінген ұлттық аспаптарды атайды. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>**Ән айту:** «Ғарышкер» С.Мұхамеджанов. | **4.Денешынықтыру.**<br>Спорттық ойындар.<br>Футбол элементтері.<br>Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай керемет!<br>Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын!<br>**«Футболшылар»**<br>Допты дәл беру.<br>Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>.Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру.<br>.Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.<br>.Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Зейінді боламыз»<br>**Мақсаты:** Балалардың зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>**«Пайдалы кеңестер»**<br>**Шарты:** Педагог балаларға пайдалы кеңестер туралы айтады<br>.Спортпен айналысу.<br>.Жуыну. тазалық сақтау.<br>.Дұрыс тамақтану.<br>.Таза ауада дем алу.<br>**«Жағымсыз әдеттер»**<br>.Қарандашты аузыңа салма!<br>.Саусағыңды сорма!<br>.Шашыңды тартпа! т.б.<br>**Д.О.** «Жақсы-жаман»<br>**Шарты:** педагог балаларға допты лақтырып, «тісті тазалау», «алманы жумай жеу» т.с.с сөздер айтады. Балалар **«жақсы»** немесе **«жаман»** деп баға беріп, допты педагогке қайтарады.<br>**Есте сақта!**<br>Микроб, вирус, бактериялар-судан, сабыннан қорқады. Егер біз үнемі жуынып, шомылып, тісімізді тазалап жүрсек, деніміз сау болып, ауырмай жүреміз. Микроб, вирус, бактериялар шынығудан қорқады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Көкқұтан»<br>**Шарты:** Бір-бірінен бір адым | **Д.О.** «Төлін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарларының төлдерін ажыратып, оларды атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс.<br>**Сурет салу.**<br>«Менің сүйікті үй жануарым»<br>**Қорытынды:**<br>-Үй жануарларының адамдарға қандай пайдасы бар?<br>-Түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкінің төлдерін ата.<br>-Жайлау дегеніміз не?<br>-Қора дегеніміз не?<br>-Астауға не салады?<br>-Науаға не құяды?<br><br>**3.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Көкке ұшамын,<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңынан ерем,<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аспанда бір алып құс,<br>Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>(зымыран).<br>**Ғарышкерлер.**<br>Тоқтар Әубәкіров | .Дастархан басына отырғанда қол таза болуы керек!<br>.Тамақты шайнағанда сөйлеуге болмайды!<br>.Аузыңды жауып, дыбысыңды шығармай шайна!<br>.Ортаға қойылған тамақты тек өз алдыңнан ғана алып же!<br>Дұрыс тамақтану адам денсаулығына өте пайдалы. Таңертеңгі асқа сұлы, күріш, қарақұмық, тары сияқты дәнді дақылдардың бірінен дайындалған ботқа жеу керек. Ботқаға жеміс-жидек, жаңғақ қосу оны пайдалы әрі дәмдірек етеді.<br>-Сендер қандай ботқаны жақсы көресіңдер?<br>-Үйде ботқаны өзің қалаған әдіспен безндіріп көр.<br>.Ет, тауық, балық сорпасы пайдалы.<br>-Отбасыңда анаң қандай сорпа дайындайды?<br>-Сен және жақындарың қандай ыстық тамақты ұнатасыңдар? Әңгімелеп бер.<br>-Сорпадағы жуа, сәбіз, картопты теріп алып тастайтын балаға не деуге болады?<br>.Тамақ дайындайтын адамның еңбегін құрметте.<br>.Көкөніс салаты өте пайдалы. Салат дәмді болу үшін не қосып араластыруға болады?<br>**Есіңе сақта!** | | қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерің дамытуды қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ойын барысы:**<br>.Допты басынан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру.<br>.Допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін дамыту.<br>**«Қи қоңыз»** ойын-жаттығуы.<br>**Ойынның мақсаты:** Еркін бағытты доптарды домалатуға жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Доптарды домалатып жүреді, доптарды қатты итермейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қашықтықта құрсаулар жерде жатады. Бір аяқпен секіргенде тең-теңдікті сақтауға назар аудару. Ойыншылар бір қоршаудан екіншіге бір аяқтап секіріп жүріп өтеді. Педагог белгі бергенде олар келген жерінде «қатып қалады» тепе-теңдік сақтап, ұзақ тұрған балалар жеңіске жетеді. | Қазақстанның тұңғыш ғарышкері. Одан кейін төрт жылдан соң ғарышқа қазақ азаматы Талғат Мұсабаев ұшты. Ол ғарышта екі рет болды. Ғарыш станциясында ғарышкерлер зерттеу жымыстарын жүргізеді.<br>-Ғарыш айлағы-дегеніміз не?<br>**-Ғарыш айлағы**-бұл зымыран, ғарыш серігі мен үлкен ғарыш кемесі ұшырылатын орын. Бірінші ғарыш серігі Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылды. Бұл жерден тұңғыш ғарышкер Юрий Алексеевич Гагарин ұшты.<br>**Тыныштық сәті:** Баяу музыка әуені ойналады. Балалар көздерін жұмып, терең тыныстайды. Денелерін еркін ұстайды. Көз алдарына аспан әлемін елестетеді.<br>-Біз ұшақта отырмыз, жаймен аспанға көтерілеміз, аспанға көтерілдік.<br>-Біз қалықтап ұшып жүрміз, ұшып жүрміз, жаймен қонамыз, біз жерге қондық.<br>-Көзімізді ашайық, көңіл-күйлерің қалай болды?<br>**«Тоқтар батыр»**<br>Өлеңімен балаларды таныстыру.<br>Айналады бір сенен,<br>Есіміңді білсе әлем.<br>Ғарышқа ұшқан қазақтың<br>Тұңғышына бір сәлем!<br>Қабанбайдың ұланы,<br>Бөгенбайдың қыраны, | .Көшеде жүріп тамақтанба!<br>.Түргеп жүріп тамақтанба?<br>Ол ас қорыту үшін зиян.<br>.Тамақтанар алдында тәттілерді жеме!<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы **«Түн»,** қыздар тобы **«Күн»** болады.<br>**Ойын басталады:**<br>**«Түн!»**-дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға,<br>**«Күн!»**-дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br><br>**5. Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Құмдағы тасбақалар.<br>**Сабақтың мазмұны:** Аралас заттарды мүсіндеу арқылы балалардың шығармашылығын дамыту.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>.Аяғы бар, басы бар,<br>Арқалаған тасы бар.<br>(тасбақа).<br>Тастамайды бір елі,<br>Үйін сүйреп жүреді.<br>(тасбақа).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Тасбақалар**-ыстық шөлді жерлерді, тропиктік ормандарды, тау беткейлерін, өзен, көл, батпақ, елді мекендер маңын, теңіз жағалауларын, мұхиттарда да тіршілік етеді. Құрлық тасбақалары өсімдіктермен | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Айтылатын мәңгілік, Қазағымның жыр-әні.<br>**Д.О.** «Ұшақ»<br>**Шарты:** Балалар ұшаққа отырады, ұшақ оталды, қанатымызды жаямыз, баяу қозғаламыз, аспан әлеміне ұшамыз. Міне, біз көкте ұшып жүрміз. Ойын осылайша жалғасады.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Сурет салу:** «Жұлдызды аспан әлемі»<br>**Мақсаты:** Бақылай отырып сурет салу. Композиция жасау дағдысын дамыту, заттардың өзара үйлесімді болуына көңіл аудару, іздену.<br>Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз ұшамыз, ұшамыз,<br>Бар әлемді құшамыз.<br>Әрбір ел мен қалаға,<br>Қуаныш, бақыт сыйлаймыз.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау. Қазақ халқының аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің | қоректенеді, ал су тасбақалары балықтармен қоректенеді. Тасбақалардың басы, мойны, аяқтары шығып тұрады, қауіп төнгенде бұларды сауыт ішіне жиып алады. Көру, иіс сезу органдары жақсы дамыған, бірақ нашар естиді.<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Құмдағы тасбақалар»<br>**Шарты:** Балалар ермексазды және жаңғақ қабығын пайдалана отырып тасбақаны мүсіндейді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Желмая» Қорқыт. Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Ғарышкер»<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Қазіргі би ырғағы»<br>**Шарты:** Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау.<br>**Д.О.** «Аспаптарды ата»<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, қандай аспап екенін атайды. | | | |
| **Серуен** | №15 Ағаш пен бұталарды бақылау. | №1. Ауа-райын бақылау. | №18. Қараторғайларды бақылау. | №15. Бұталарды бақылау. | №13 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Қағаздан симметриялық пішіндерді қия алуды меңгерту. | Құрастырудың қарапайым жинақтау тәсілдерін меңгерту. | Боямақ. «Зымыран» (дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу). |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін: [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 15.04.-19.04. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. | **Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір- біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы: қоян қонжықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б. | **«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді,<br>Қайдан? Неге? Не үшін?<br>Мен әуесқой баламын,<br>Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br>Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды. | **Д.О.** «Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атау.<br>**Мысалы:** доп, күн, алма, сағат т.б. | **«Жақсы сөз»** ойыны.<br>**Шарты:** Балалар шеңберге тұрады. Педагог қолындағы допты қай балаға лақтырса, сол бала жақсы бір сөз айтуы керек. Допты қағып алған бала дереу бір жақсы сөзді айтады да, қолындағы добын келесі балаға лақтырады. Жақсы сөздер тізбегі осылай жалғаса береді. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Сәуір айының 3-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз. | **Шаттық шеңбері.**<br>Армысың сұлу күн!<br>Армысың жан досым!<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым! | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге! | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз,<br>Қайырлы таң балалар! | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру.<br>Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**<br>Шығармашылықпен сөйлеу | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**<br>Шығармашылықпен | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О**: «Ақылды машиналар»<br>**Ойынның мақсаты:** Адамдардың жұмыстарын жеңілдетуге машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту.<br>Атқаратын қызметтеріне қарай машиналарды топтастыру, аттарын дұрыс атауға үйрету. Сөздік қорын молайту.<br>**Көрнекіліктер:** Машиналар. Бульдозер, көтергіш кран, жедел жәрдем, ауыр жүк көліктері, жеңіл такси машиналары, қар тазалайтын машиналар.<br>**Ойын барысы:** Таратылған суреттер бойынша әңгімелеу, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Қортынды:**<br>-Адам қолымен тағы қандай заттар жасауға болады?<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Түрлі түсті автокөліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар залдың шетіне тұрады. Олар – **автокөліктер.** Әр балаға түрлі-түсті шеңбер беріледі. Педагог қолына түрлі-түсті жалаушалар ұстап, залдың ортасында тұрады. Бір кезде белгілі бір жалауды жоғары көтереді, қолындағы шеңбері жалаудың түсімен бірдей балалар залды | әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**Ән айту:** «Жақсы көрем»<br>**Әні:** С.Шынымов.<br>**Сөзі:** М.Дауылбаев.<br>**Д.О.** «Неге теңеймін?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға күннің, айдың, жұлдыздың, гүлдің суреттері таратылып беріледі. Балаларға **«Анаңды неге теңейсің?»**-деген сұраққа қолындағы суреттің біреуін көрсетеді. Сол сияқты атасын, әжесін, әкесін, ағасын, апасын айтып береді.<br>**Д.О.** «Қамқорлық гүлі»<br>**Ойынның мақсаты:** Мейірімділікке, ата-анаға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар **«Қамқорлық гүлін»** салуды ұсынады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына **«Қамқорлық гүлін»** сыйлауды ұсынады.<br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Егіншілік кәсіпке | толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе карандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық пен ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Пішіннің суретін | сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**Жұмбақты шеш**<br>.Тырс-тырс тамады,<br>Сайға қарай ағады.<br>(жаңбыр).<br>.Төбеден төнеді,<br>Тамшысын төгеді.<br>Сол кезде шөп қаулап,<br>Бәйшешек өнеді.<br>(жаңбыр).<br>-Жаңбырлы күн сендерге ұнай ма?<br>-Жаңбыр жауғанда адамдар қолына не ұстайды?<br>-Жаңбыр жылдың қай мезгілінде жиі жауады?<br>**«Жаңбыр жауып тұр»**<br>Сөйлем құрастыру, әңгімелеу.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жаңбыр жауа бастады,<br>Қатты жауа бастады.<br>Бәсеңдеді, бұлттар тарқады,<br>Жарқырап күн шықты.<br>**Д.О.** «Сиқырлы қалта»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог ортаға сиқырлы қалтаны қойып, балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы затты алғызады. | ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе карандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналып кез-келген бағытта жүгіреді. Олар гуілдеп, автокөлік айдап бара жатқандай қимылдар жасайды. Педагог жалауды түсірген кезде балалар тоқтайды. Педагог басқа түсті жалауды көтерген кезде басқа балалар жүгіреді. Педагог бір, екі немесе үш түсті жалауды бірге көтеруіне болады. Онда барлық автокөліктер жолға шығады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық пен ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Математикалық пазлдар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>(тапсырмаларды балаларға | байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен) сөздерімен таныстыру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Күндей жарық,<br>Айдай арайлы,<br>Судай мөлдір таза көңілмен<br>бір-бірімізге жымиып,<br>күлімдеп қарайық.<br>**Д.О.** «Табиғат мейірімді»<br>**Шарты:** Педагог сөйлемді өзі бастап береді. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады.<br>-Жер-Ана мейірімді, өйткені ол......(көкөністер мен жемістер өсіреді).<br>Күн мейірімді, өйткені ол.....(жарығын, жылуын) береді.<br>**Суретпен жұмыс:** «Көктемгі адам еңбегі»<br>**Шарты:** Көктемгі еңбек туралы әңгімелеу.<br>**Тыңда.**<br>Көктем келді. Қар ерiді. Топырақ жылынды. Бақшада адамдар көкөніс көшеттерін отырғыза бастады. Бақтарға бүлдірген, қарақат отырғызады. Жеміс ағашы дінінің төменгі жағын әктеп, бұтақтарын қияды. Егістікте жер жыртып, астық тұқымдарын себеді. Олар: бидай, арпа, сұлы, қарабидай, күріш, жүгері, тары. Картоп та егеді.<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға мамандық туралы түсінік беру. Үлкендердің еңбегі туралы балалардың білімін толықтыру. Қандай маман иесі болмасын, оны | сал»<br>**Ойынның мақсаты:** Көріп, есте сақтауды дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға 1-2 минут аралығында геометриялық пішіндерді көрсетеді. Содан соң есінде қалғандарын қағазға түсіруді сұрайды.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардың білетін шығармаларынан үзінді оқиды. Балалар оның қай шығарма екенін тауып айтады.<br>**Ой қозғау:**<br>-Балалар сендер өткен сабақта қандай ертегі тыңдадыңдар?<br>-Құмырсқа неге өкпеледі?<br>-Құмырсқа кімдерден көмек сұрады?<br>-Достары құмырсқаға көмектесті ме?<br>-Құмырсқаның нағыз | Балалар алған затты сипаттайды.<br>**Ән айту:** «Жау жау жаңбыр» К.Дүйсекеев.<br><br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен) сөздерімен таныстыру.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар.<br>(бидай).<br>-Бидайдан не жасалады?<br>Ө.Тұрманжановтың **«Қайдан келдің бауырсақ?»** өлеңімен балаларды таныстыру.<br>-Өлеңде не туралы айтылды?<br>-Бауырсақ қайда жаттық?<br>-Қуыршақ не деп сұрады?<br>-Бауырсақ наубайға қайдан келді?<br>-Диірменге ше?<br>-Диқаншы бидайды қалай өсірді?<br>**Сергіту сәті**<br>Жерді жыртамыз,<br>Егінді себеміз.<br>Суарамыз, күтіп баптаймыз.<br>Бидай үлкен болып өседі,<br>Комбайнмен орамыз,<br>Машинамен қамбаға тасимыз,<br>Диірменде ұн етіп дайындайды.<br>Ұннан қамыр илеп,<br>Бауырсақ пісіреміз.<br>-Бауырсақ дастарқанға қалай келеді екен?<br>-Бауырсақ дастарқанға | шыдамдылық пен ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Жоғалған қай сан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтада 1-ден 10-ға дейінгі сандар қатары ілініп тұрады. Педагогтың белгісімен балалар көздерін жұмады. Педагог бір санды алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қай сан жоқ екенін айтады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br><br>**3.Құрастыру.**<br>**Міндеттері:** Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі: кимешекті құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу, шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін клданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны колдану. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құмырсқа өзінің жаңа достарын көмекке шақырмақ болып шешіпті. Әуелі бал жинап жүрген араны кездестіріп, былай деп өтініпті:<br>-Достым, маған көмектесші, жалғыз өзімнің шамам жетер емес.<br>Сонда ара досы:<br>-Көріп тұрған жоқсың ба?! Мен де жұмыс істеп жүрмін,-деп әрмен қарай ұша жөнеліпті.<br>Құмырсқа енді қоңызға барады.<br>-Мен сен үшін мына жұмысымды тастап кете алмаймын,-деп жауап берген қоңыз да қиын домалатып жөніне кетіпті. Достарының қылығына өкпелеген құмырсқа үйіне қарай кетіп бара жатып, жолда өзінің бауырларын кездестіріпті. Мұның мұңайған жүзін көрген құмырсқалар: «Саған не болды? Неге көңілсізсің?»-деп сұрайды.<br>Құмырсқа оларға басынан кешкендерінің бәрін айтып беріпті. Бауырластары оған дәнді жеткізуге көмектесіпті. Өкпелеп кеткен құмырсқа өзінің илеуіне оралыпты.<br>**Балаларды топқа бөлу:**<br>**1**-топ: Жұмбақтарды шеш.<br>**Шарты:** Балаларға жәндіктер туралы жұмбақтар жасыру.<br>.Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші). | дүние: аспан мен жер, тау мен су, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Адам қашанда Табиғат әсемдігіне, сұлулығына тамсанған, таңданған, қуанып шабыт алған және қамқорлық жасаған.<br>**«Табиғат деген не?»**<br>Ә.Ысқақ.<br>(балаларға мәнерлеп оқып беру, таныстыру).<br>**Д.О.** «Сөйлемді аяқта»<br>**Шарты:** Суреттерді пайдаланып, сөйлемді аяқтап айтыңдар.<br>Егер мен **тау** болсам, ..... .<br>Егер мен **су** болсам, ..... .<br>Егер мен **қыран** болсам, .... .<br>Егер мен **елік** болсам, ..... .<br>Егер мен **гүл** болсам, ..... .<br>Егер мен **ағаш** болсам, .....<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>«Табиғатым тамаша!»<br>Сурет салу.<br>Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. | **Сабақтың мазмұны:** Сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелей отырып, мүсіндеу тәсілдерін қолдану арқылы пішінді дәл бере білу іскерлігіне баулу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Біз ұқыпты баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықты жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз.<br>**Педагог:**<br>-Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?<br>-Қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер?<br>-Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>Қ.Мырза Әлидің **«Ойыншықтар»** өлеңін сызба арқылы жаттату.<br><br>Іші тола бөлменің,<br>(бөлменің суреті).<br>Ойыншығым<br>(ойыншықтардың суреті)<br>мол менің.<br>Босқа тізіп қоймайық,<br>Келе ғос ойнайық.<br>Мына тұрған арғымақ<br>(арғымақтың суреті),<br>Мінем оған қарғып-ақ.<br>Мына тұрған қояным<br>(қоянның суреті),<br>Алдына жем (сәбіздің суреті) қоямын.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Шарты:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды.<br>-Менің ойыншықтарым..... (көп).<br>-Менің ойыншығым..... (әдемі).<br>-Мен қуыршақпен..... | -Табиғат аясында жиі боласыңдар ма?<br>-Табиғаттан қандай әсер аласыңдар?<br>-Табиғаттың қандай көріністері ұнайды?<br>**«Күн мен гүлдер»**<br>Қ.Толыбаев.<br>(баларға мәнерлеп оқып беру, таныстыру).<br>-Гүлдерді, өсімдіктерді кі және қалай оятады екен?<br>-Осы көріністі өздеріңнің таңда ұйқыдан оянатын сәттеріңмен салыстырып, айтып беріңдер.<br>**Бірге жаттайық**<br>Сүйейік, табиғатты аялайық!<br>Біз де онан жақсылықты аямайық!<br>Анадай табиғаттың аясында,<br>Жадырап жас балаша дем алайық!<br>**Суретпен жұмыс**<br>Суретте бейнеленген (күн, гүлдер, бұлт, өзен-көлдер, ағаштар, құстар) табиғат бөлшектерінің адамға тигізетін әсерлері туралы әңгімелеңдер.<br>**Д.О.** «Бағбандар мен гүлдер»<br>**Шарты:** Педагог балаларды екі топқа бөледі. Егер топта тұрған гүлдер ұзақ уақыт бойы суарылмаса-олар қурап қалады. Бірақ бүгін біз суды қажет етпейтін гүлдер өсетін ерекше баққа барамыз. Егер олар ұзақ уақыт бойы өздері туралы мейірімді және | Спорттық ойындар.<br>Футбол элементтері.<br>Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>Допты заттарды айналдыра жүргізу.<br>Допты қақпаға тебу.<br>Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**«Футболшылар»**<br>Допты дәл беру.<br>Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кеглиді көзде»<br>**Мақсаты:** Балаларды мергендікке, ептілікке белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.<br>**Шарты:** Балалар екі қатарға бөлініп тұрады. тізілген кеглилерді қолдарындағы доппен көздеп құлату керек. Әр бала өзінің неше кегли құлатқанын санап, есіне сақтап отыру қажет. Допты оң және сол қолымен де домалатуға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **.**Үп-үшкір таяғы,<br>Жыланның көзін ояды.<br>(дәуіт).<br>Алға қарай,<br>Артқа қарай жүреді<br>Еңбексүйгіш оны бәрі біледі.<br>(құмырсқа).<br>**.**Өзі төрт қанатты,<br>Және алты аяқты.<br>Сонда да тік ұшақ,<br>Моделі сияқты.<br>(инелік).<br>**.**Ызыңдап ән салып,<br>Лас жерге қонады.<br>(шыбын).<br>**.**Ұшады, қонады,<br>Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек).<br>**.**Күні бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара).<br>**2**-топ: «Жәндікте неше аяқ бар?»<br>**Шарты:** Педагог балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер бар. Балалар суреттегі жәндіктердің неше аяғы бар екенін санап, санын айтады. Соңында ең аяғы көп жәндіктің суретін салады.<br>**3**-топ: Ермексаз әлемі.<br>**Шарты:** Ермексаздан жәндіктерді мүсіндейді.<br>**Д.О.** «Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны | Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Бозторғай» Е. Құсайынов. А. Асылбеков. Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Көктемде, көктемде»<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Қазіргі би ырғағы»<br>**Шарты:** Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау. | (ойнаймын).<br>-Менің қуыршағым..... (әдемі).<br>-Менің машиналарым..... (көп).<br>-Мен допты жоғары...... (лақтырдым).<br>**Шығармашылық үзіліс**<br>«Менің сүйікті ойыншығым»<br>**Шарты:** Өзіңе ұнайтын ойыншықты мүсінде.<br>**Сергіту сәті:**<br>Добым, добым, домалақ,<br>Тоқтамайсың домалап.<br>Үстел үстің білдірдің,<br>Тәрелкені сындырдың.<br>Тентек болып кеттің деп,<br>Тұрмын сені тепкім кеп.<br>(балалар саусақпен, аяқпен көрсетеді). | сыпайы сөздерді естімесе, құрап қалады. Бір шағын топ құрап қалған гүлдер, ал екіншісі құрап қалған гүлдерге көмек көрсетуге шақырылған бағбандар болады. Бағбандар бақшаны аралап, әр гүлге сыпайы сөздер айту керек, содан кейін гүлдер біртіндеп гүлдей бастайды. Балалар рөлдермен ауысады, ойын жалғасады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау,, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау, науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Шарты:** Ойыншылардың санына қарай шеңберлер сызылады. Бұл – **қарлығаштардың үйі.** Балалар **(қарлығаштар).** Қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»** деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) | | | элементтерін жеңіл еркін орындау.<br>**Музыка тыңдау:** «Көктем әні» Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Нұрлы көктем»<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Қазіргі би ырғағы»<br>**Шарты:** Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 22.04.-26.04. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Қандай заттың пішіні үшбұрышқа ұқсайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Үшбұрышқа ұқсайтын заттарды атау. | **«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді,<br>Қайдан? Неге? Не үшін?<br>Мен әуесқой баламын,<br>Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br>Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды. | **Қимылды ойын:** «Кімнің ұшағы алысқа ұшады?»<br>**Шарты:** Қағаздан жасалған ұшақты балалар ұшырып ойнайды. | **Д.О.** «Оң және сол»<br>**Ойынның мақсаты:** Оң және сол жағын ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма беріледі. | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Сәуір айының 4-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің | **Сөздік ойын:** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай | **Шаттық шеңбері.**<br>Кәне, кәне тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Тұрсақ егер шеңберге,<br>Алақанды ұрайық | **Шаттық шеңбері.**<br>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнапғ бір жүрер<br>Достарым көп, білемін! | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы» туралы айтып бер.<br>**Шарты:** Балалар ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтады. (суық, желді, ашық, бұлтты, жаңбыр. т.б.). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Көктем мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай? | мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады. | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Сипатта»<br>**Шарты:** Суреттегі көкөністермен жемістердің дәмін сипаттайды. Тағамның дәміне қарай бір-біріне сұрақ қояды.<br>Жүзім, алма, алмұрт, қауын, қарбыз-**тәтті.**<br>Лимон-**қышқыл.**<br>Сарымсақ, бұрыш, жуа-**ащы.**<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Шарты: щ** дыбысы кездесетін сөздерді айту. Сол сөздерге сөйлем құрастыру.<br>Ащы, тұщы, борщ, щётка.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:** Таратылған суреттер бойынша әңгімелеу, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.** | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**Д.О.** «Диалог»<br>**Ойынның мақсаты:** жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға үй жануарлары бейнеленген карточкаларды таратады. Балаларға үй жануарлары мен оның иесі арасындағы диалог-көріністі ойлап табу ұсынылады, онда иесі үй жануарына қалай қамқорлық жасайтынын және бұл кезде үй жануарлары өздерін қалай сезінетінін айтады.<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Менің сүйікті үй жануарым»<br>**Шарты:** Балалар | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**«Зоопарк»** ойыны.<br>**Ойынның мақсаты:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді ата. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру.<br>**«Масалар»** ойыны.<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс, анық айта білуге жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Масалардың қатты шырылдағаны соншалық, олар **«з-з-з»**-деп ән айта бастады.<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**«Кім көп біледі?»** ойыны.<br>**Шарты:** Балаларды екі топқа бөлініп, екі қатар бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Әр сұраққа жауап берген бала бір қадам алға аттайды. Ал жауап бере алмаған бала сол орнында тұра береді. барлық сұраққа жауап берген бала **«ақылды бала»**-деп аталады.<br><br>-Балалар үй жануарларының төлдері қандай?<br>(сүйкімді).<br>-Қалай еркелетеміз?<br>(ботақан, қошақан).<br>-Төлдер қалай ойнайды?<br>(секіреді, жүгіреді). | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Заттар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық пен ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Көп және біреу»<br>**Шарты:** Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.<br>**Д.О.** «Басқаларға ұқсамайтын қоянды тап»<br><br>- Мына қояндарға мұқият қарап, басқаларға ұқсамайтынын көрсет. Оның басқалардан айырмашылығы қандай? Барлық қояндар үлкен, бірақ ол кішкентай. Ал мына суретте қандай қоян басқалардан ерекшеленеді? Қояндардың бәрі сұр, біреуі ақ.<br><br><br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып | ермексаздан үй жануарын мүсіндейді.<br>**Ән айту:** «Қошақаным»<br><br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Егіншілік кәсіпке байланысты (орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерімен таныстыру.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Шарты:** Тақтаға еңбек құралдарының суреті ілінеді. Педагог балаларға олардың не үшін қажет екенін түсіндіреді.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Еңбек.**<br>Гүл өсірсең терлеп,<br>Мұның аты-Еңбек.<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты-Еңбек.<br><br>Қырға шықсаң өрлеп,<br>Мұның аты-Еңбек.<br>Қиындықтың бәрін,<br>Еңбек қана жеңбек.<br>**Д.О.** «Не артық?»<br>**Шарты:** Суретке қарап артық затты табады. Оның не үшін артық екенін айтады. Еңбек құралдарын топтастырады.<br><br>**3.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттық бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен | ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық пен ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Суреттегі геометриялық пішіндерді тап»<br>**Шарты:** Мына әдемі суретке қараңызшы, кейбір фигуралар қашып кетті.<br><br>-Міне, сендерде үшбұрыш, шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш бар және осы фигураларды суреттегі орындарына қайтарыңдар.<br>**Еркін ойын.** Санау таяқшаларынан пішіндерді құрастыр.<br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Шарты:** Тақтаға бірнеше | **Жұмбақтар жасыру.** (балаларға үй жануарлары туралы жұмбақтар жасыру).<br>**Ертегілер елінде.**<br>**Шарты:** Үй жануарлары туралы білетін ертегілерін атау.<br><br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Егіншілік кәсіпке байланысты (орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерімен таныстыру.<br>**Д.О.** «Мен еңбекқор баламын»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, үйде ата-анасына көмектесе білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br>**Д.О.** «Құрал-саймандарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-саймандардың атын | құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық пен ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Терезенің сыртындағы түнді» модельдеу.<br>-Түн. Аспанда ай пайда болды.<br><br>-Ал жұлдыздарды өзіміз жасаймыз. Ермексаз бөліктерін үзіп, түнгі аспанға жағып, саусағыңызбен басамыз.<br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Міндеттері:** Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістік қатынастарды жеткізе білу.<br>**Д.О.** «Ертегіні ата» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындату).<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкімдік беру.<br>**Ой қозғау:**<br>-Көктемде ең алғаш қандай құс ұшып келеді?<br>-Өзің білетін құстарды ата.<br>-Өзіңе қандай құс ұнайды?<br>-Құстардың қандай пайдасы бар?<br>-Сен құстарға қандай қамқорлық жасайсың?<br>**Д.О.** «Бұл қандай құс?»<br>**Шарты:** Балаларға жұмбақ жасыру.<br>.Еркін самғап ұшсын деп,<br>Мәпелейміз, баптаймыз.<br>Бейбітшілік құсы-деп,<br>Қай құсты біз айтамыз?<br>(көгершін).<br>.Бір-ақ уыс көлемім,<br>Шыбын-шіркей қорегім.<br>Бау-бақшаны қорғаймын,<br>Ал атым ше?<br>(торғай).<br>.Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай саңқылдақ.<br>(сауысқан).<br>.Қонып алып жарға,<br>Қарқылдайды<br>(қарға).<br>.Түсі қара мақпалдай,<br>Төсіне сыр жаққандай, | өсімдіктер өміріндегң маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Табиғат біздің анамыз,<br>Жер-Ана біздің панамыз.<br>Таза болса табиғат,<br>Бізде аман боламыз.<br>**Ой қозғау:**<br>-Неліктен табиғатты «тірі» дейміз?<br>-Табиғат аясына шыққанда қандай дыбыстар естідіңдер?<br>-Көбелекті ұстап алғанда немесе гүлді жұлып алғанда олар қандай күйде болады деп ойлайсыңдар?<br>**Бірге жаттайық!**<br>Бақта гүлдер тереміз,<br>Бірге ойнаймыз күлеміз.<br>Міне біздер қандаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>**Д.О.** «Өсімдіктерді жина»<br>**Шарты:** Шалғын бейнеленген үлкен сурет. (шөп, өсімдіктері жоқ). және түрлі өсімдіктер.<br>Педагог:<br>-Балалар, мына шалғында бір кездері түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бірде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ, сендерге бұл жер ұнай ма? | ертегі кейіпкерлерінің суреттері ілінеді. Балалар оларды атайды, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажыратады.<br>**Ой қозғау:**<br>-Балалар сендер өткен сабақта қандай ертегі тыңдадыңдар?<br>-Ертеде әдемі, кербез, сұлу қандай құс екен?<br>-Тотықұс Әтешке не үшін келді?<br>-Тоты әдемі киініп қайда кетті?<br>-Әтеш таңертең неге айғайлап шақырады екен?<br>-Әтеш жабайы құс па?<br>-Үй құстарын атаңдар.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Әтеш пен Тоты»<br>**Шарты:** Ертегіні сахналау.<br><br>**5. Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Тасбақа.<br>**Сабақтың мазмұны:** Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br>.Күнімен, түнімен,<br>Көшіп жүр үйімен.<br>(тасбақа).<br>**Тыңда:**<br>Жер бетіндегі ерекше тіршілік иелерінің бірі тасбақалар. Олар орташа есеппен алғанда екі жүзден астам жыл өмір сүреді. Тасбақа бауырымен жорғалайды. . Ол суда да, құмда да өмір сүреді Тасбақалар ыстық шөлді | атап, не үшін қажет екенін әңгімелейді.<br><br>**3.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттық бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегң маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.<br>**Ой қозғау:**<br>**Шарты:** Берілген сөйлемдерді жалғастырып айту.<br>.Жайнаған гүлдерді көргенде....<br>.Сынған бұтақтарды көргенде....<br>.Сайраған бұлбұлдың даусын естігенде.....<br>.Жарқыраған күнді көргенде....<br>.Мөлдір суды көргенде.....<br><br>Балаларды үш топқа бөлу:<br>**«Әдебиет орталығы»**<br>**Шарты:** «Табиғатпен біргеміз» тақырыбында әңгіме құрастыру.<br>**«Өнер орталығы»**<br>**Шарты:** «Табиғатым тамаша!» сурет салу.<br>**«Еңбек орталығы»**<br>**Шарты:** Табиғат | **Ойынның мақсаты:** Балаларды ертегілерді айырып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Еркін ойын:** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегі желісі бойынша суретін салады.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. **Мысалы:** «Жеті лақ» ертегісін еске түсіреді. Лақтардың дауысы төмен дауыс, ешкінің дауысы ортаңғы дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді.<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Спорттық ойындар. Футбол элементтері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұшса октай зулайды,<br>Көктен жұлдыз аққандай.<br>(карлығаш).<br>.Тоқылдап мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Ормандарды емдейді,<br>Зиянкестерден тазалап.<br>(тоқылдак).<br>**Тыңда:**<br>**«Құстар-біздің досымыз»**<br>**Құстар-**өсімдікке зиян келтіретін жәндіктермен коректенеді. Сөйтіп бау-бақша, егістіктердің жақсы өсуіне пайда келтіреді. Құстарды корғау керек. Өйткені құстар-біздің досымыз. Көктемде ең бірінші ұзақ ұшып келеді. Оның артынан караторғайлар келеді. Караторғайлар дайын ұяға орналасады. Сондықтан оларды ұя жасап қарсы алу керек.<br>**Д.О.** «Қайсысы қайда тұрады?»<br>**Шарты:** Қарлығаш пен караторғайдың өз ұясын табу.<br>**Ертегілер елінде.**<br>«Әтеш пен Тоты»<br>Балаларды жаңа ертегімен таныстыру.<br>**Сурет салу.**<br>**Шарты:** Әтеш пен тоты ертегісінің желісі бойынша балалар сурет салады.<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы | -Бұл жерді шалғын деп айтуға бола ма?<br>-Оны қалай әдемі қылып көрсетуге болады?<br>Шалғынға жан бітірейік гүлдер өсірейік және көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады. Балаларға түрлі өсімдіктер жинағы беріледі ұсынылады. Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады. Ол жерге жәндіктерді орналастырады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>***Ән айту.*** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, катты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен | жерлерде, тропиктік ормандарда, тау беткейлерінде, өзен, көл, батпақ, елді мекендер маңын, теңіз жағалауларын және мұхиттарда мекендейді.<br>Тасбақа шөппен, судағы балықтармен, шаяндармен қоректенеді. Суық кезде қысқы ұйқыға кетеді. Қыста мұздың астында терең жерде ұйықтайды. Көктемде мұз ерігенде судың бетіне шығып құмға барып жүреді.<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Тасбақа»<br>**Шарты:** Балалар ермексаздан тасбақаны мүсіндейді.<br>**Д.О.** «Ненің азығы?»<br>Суреттен тасбақалардың немен қоректенетінін тауып белгілейді.<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттауға үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкімдіктерімен таныстыру, оларды салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Поезд»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Оң және солға бұрыла білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала жүргізуші болады. Жүргізуші бала алдында тұрады, қалған балалар жүргізуші баланың соңынан бір-бірінің иықтарыңа қолдарыңды қойып тұрады. Жүргізуші бала поезді жүргізеді, барлығың содан ажырамай бір-бірінің | бұрышында еңбек ету. Гүлдерге су құю, жапырақтарының шаңын сүрту.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Көкек» Х.Мұхамедова.<br>Көктем, көктем, көктемде,<br>Бұл құстардың бәрі де | Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойын:** «Отарға шапқан қасқыр» Қырғыз халық ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірінің шынтағынан ұстайды. Бұл-лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау,, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау, науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. **«Қырықаяқ»** ойыны. **Шарты:** Педагог ең алдына тұрып, «қырықаяқты» қыдыруға бастайды. Ол иректеліп жүріп, шеңберді айналып шығады. Орындықтардың арасынан өтіп, аяқтың ұшымен, өкшемен жүреді, секіреді. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн» **Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады. Ұлдар тобы **«Түн»,** қыздар тобы **«Күн»** болады. **Ойын басталады:** **«Түн!»**- дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, **«Күн!»**- дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады. | орындауға жаттықтыру. **Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау. **Музыка тыңдау:** «Көкек» Х.Мұхамедова. Көктем, көктем, көктемде, Бұл құстардың бәрі де Әнші болып кеткен бе? **Ән айту:** «Көктем» А.Жайымов. **Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Құстар» Т.Ломова. | арттарыңнан ересіңдер. Мен сендерге нұсқау беремін. **Мысалы:** оңға немесе солға бұрылыңдар. «Айнал»- десем жүргізуші сол нұсқауды орындайды, сол бағытка бұрылады. | Әнші болып кеткен бе? **Ән айту:** «Көктем» А.Жайымов. **Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Құстар» Т.Ломова. | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | 12.Жаңадан өсіп келе жатқан шөптерді бақылау. | №3 Желге бақылау жасау. | №2 Күнге бақылау жасау. | №15 Ағаш пен бұталарды бақылау. | №4. Жәндіктерді бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай, бастырып бояуды үйрету. | Қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. | Геометриялық фигуралардың, дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай, бастырып бояуды үйрету. | Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-аналарға кеңес: «Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз» | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін! 

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 29.04.-04.05. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Сурет салу:** «Менің достарым»<br>**Мақсаты:** Белгілі бір адамның сыртқы келбетімен қоса мінезіндегі ерекшелікті, көңіл-күйін бере отырып портретін салу. | **Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. | **Ән айту:** «Достық» И.Нүсіпбаев. | **«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді,<br>Қайдан? Неге? Не үшін?<br>Мен әуесқой баламын,<br>Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br>Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды. | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Мамыр айының 1-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Шаттық шеңбері.**<br>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін. | **Шаттық шеңбері:**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді) | **Шаттық шеңбері**<br>Амансың ба, Алтын Күн!<br>Амансың ба, Жер Ана! | **Шаттық шеңбері**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан. | **Шаттық шеңбері**<br>Қайырлы таң ашық аспан! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірге ойнап бір жүрер<br>Достарым көп, білемін! | -Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>Қолымызды Күнге созайық. | Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам! | Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз. | Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!,<br>Қайырлы таң, достарым! |
| **Кестеге сәйкес іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Д.О.** «Есіңе сақта және суретін сал»<br>**Шарты:** Педагог бірнеше суреттерді тақтаға іледі. Балалар қарап шығып, суретті есіне сақтап алу керек. Есінде қалған суреттерді қағаз бетінде бейнелейді, сол бойынша сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Пирамида»<br>**Шарты:** Педагог балаларға кез-келген сөзден сөз тіркесін сөйлем, мәтін немесе әңгіме құрастыруды ұсынады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>«Жунглидегі жаңбыр»<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Уақытты бағдарлау. Заттар мен | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**«Достығымыз жарасқан»** әнін орындау.<br>Балалар бір-біріне мерекеге арналған тілектер тілейді.<br>**Суретпен жұмыс**<br>«Ұлттар достығы» бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.<br><br>-Біздің мемлекетімізде қандай қандай ұлт өкілдері тұрады? | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**Нүктелерді қос.**<br>**Шарты:** Қағаз бетіндегі нүктелерді қосу арқылы, | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:**<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Айналасындағылармен өздігінен диологты бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауғ әдепті және сабырлы болу.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы,<br>Достығымыз жарасқан.<br>**Ән айту:** «Дос болайық бәріміз»<br>**Д.О.** «Достар»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға «я немесе жоқ»-деп жауап береді.<br>-Бір-бірімізбен дос боламыз ба?<br>-Достығымызбен мақтанамыз ба?<br>-Ойын ойнап үйренеміз ба?<br>-Бір-бірімізге көмектесеміз бе?<br>-Досыңды ренжітуге бола ма?<br>-Досты ашуландыруға бола | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды және ирек сызықтарды олардың арасындағы арақашықтықты сақтап үлгі бойынша және киіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу.<br>Суретті бояу.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық пен ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>**Ертегілер елінде.**<br>**«Көңілді көжек»**<br>Күн шуағын молынан шашып, орманның ішін жылылық жайлады. Көжек інінен басын шығарып, жан-жағына көз тастады. «Бүгін не істесем екен?»-деп ойлады ол.<br>Ақыры, достарына барып, олардың тірлігін қызықтап қайту туралы шешімге келді.<br>Көжек ең алдымен тиіннің баласына барды. «Мен қосуды үйреніп жүрмін»-дейді мақтанышпен тиіннің баласы құйрығын ары-бері бұлғаңдатып.<br>-3 емен жаңғағына 2 емен жаңғағын қоссаң, барлығы қанша жаңғақ болатынын білесің бе?<br>-Жоқ,-дейді көжек.<br>-Мен білемін!-дейді тиіннің баласы.<br>-5 емен жаңғағы! Қосу білген сондай тамаша!<br>Көжек жақын маңдағы көгалда аспанға қарап тұрған елікті көреді.<br>-Бұлттар әртүрлі пішіндер жасайды,-дейді ол.-<br>Ол пішіндердің қалай аталатынын білесің бе? | -Біздің арамызда түрлі ұлттың балалары бар, сол балалармен сендер қандай қарым-қатынастасыңдар?<br>**Д.О.** «Қай ұлт?»<br>**Шарты:** Педагог әр ұлт өкілдері бейнеленген сурет немесе фотоны тақтаға іледі. Балалар оның қандай ұлт өкілі екенін айтады.<br><br><br>**Бірге жаттайық!**<br>Біз-балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз-бейбіт күн,<br>Ашық болсын кең аспан!<br>**Сурет салу**<br>«Ұлттар достығы»<br><br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Егіншілік кәсіпке байланысты (орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерімен таныстыру.<br>**Д.О.** «Құрал-саймандарды ата» | бейнені анықтап, атын атау.<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**«Көңілді көжек»** ертегісін еске түсіру. Ертегідегі кейіпкерлердің тапсырмаларын орындау.<br>**Тиіннің тапсырмасы:**<br>**Шарты:** Сурет бойынша есепті шығар.<br><br>**Еліктің тапсырмасы:**<br>**Шарты:** Бос ұяшықтың ішіне қандай пішінді салуға болады? | ма?<br>-Достарыңмен бірге шәй ішуге бола ма?<br>**Қимылды ойын:** «Достық мектебі»<br>**Шарты:** Балалар керілген арқанның үстінен өз достарының атын атап **«Достық мектебіне»** барады.<br>Көпірден біз өтеміз,<br>Достық мектебіне жетеміз.<br>Айт досыңның аты кім?<br>Көпірден түгел өттік біз,<br>Достық мектебіне жеттік біз.<br>Балалар достарының атын атап, көпірден өтеді.<br><br>**2. Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:**<br>Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерде бір-бірімен еркін диолог құруға мүмкіндік беру. Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:** Педагог балаларға түрлі ұлт өкілдері бейнеленген суреттерді таратып береді. Балалар сол бойынша әңгімелейді.<br> | **3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Д.О.** «Дыбыс арқылы санды тап»<br>**Шарты:** Педагог қарандашпен үстелді дыбыс шығатындай етіп тоқылдатады, балалар тыңдайды, алдындағы тиісті цифрді көрсетеді.<br>**Д.О.** «Суретші»<br>**Шарты:** Педагог балаларға бірнеше геометриялық пішіндерді салуды ұсынады. Салуға арналған геометриялық пішіндердің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап болғаннан соң, педагог балалардың суреттерін жинап алып, балалардан қанша геометриялық пішіндердің суретін салғанын естеріне түсіріп, айтып беруін ұсынады.<br>**Қимылды ойын:** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | -Жоқ,-дейді көжек.<br>-Бірінші пішін-ол шеңбер,-деп түсіндіреді елік.<br>-Екіншісі-төртбұрыш, үшіншісі үшбұрыш және ең соңғысы сопақ пішінді, тура жұмыртқа сияқты. Пішіндер өте қызықты, солай емес пе?<br>Қара торғайдың балапаны ән айтып үйреніп жатыр екен. «Қазірдің өзінде жаман айтпаймын,-деп шиқылдайды ол.-Менің әнімді тыңдашы»<br>Кішкене балапанның әні бүкіл орманды әуезді бір үнге толтырады.<br>«Мен де осылай ән айта алсам ғой»-деп күрсінеді көжек.<br>-Қазір басқа ән айтамын,-дейді қара торғайдың балапаны.<br>-Ән салған сондай тамаша! Көжек орманның көлге ұласатын жеріне қарай жүреді. Осы кезде дильфиннің баласы судан секіріп шығады. «Жанұям ұзақта болғанда олармен қалай сөйлесуді үйреніп жүрмін»- дейді ол бірнеше шиқылдаған, ысқырған дыбыстар шығарып.<br>«Бұл әділетсіздік қой,-деп күңкілдеп ішінен көжек.<br>-Достарымның барлығы сондай ақылды!»<br>«Дыррр. Дыррр»<br>Тоқылдақтың балапаны тұмсығымен әріптер ойып, жазу жазуды үйреніп жүр екен.<br>-Мен сенің атыңды жаза | **Ойынның мақсаты:** Шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-саймандардың атын атап, не үшін қажет екенін әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Тіл алғыш балалар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, үйде ата-анасына көмектесе білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br><br>**3.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттық бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегң маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Табиғат біздің анамыз,<br>Жер-Ана біздің панамыз.<br>Таза болса табиғат, | <br>**Қараторғайдың тапсырмасы:**<br>**Шарты:** Ән айту: «Санау әні» «Күшіктер санамағы»<br>**Дильфиннің тапсырмасы:**<br>**Шарты:** Сурет бойынша әңгімеле.<br><br>**Тоқылдақтың тапсырмасы:**<br>**Шарты:** Жоғалған санды тап<br><br><br>**Көрші санды тап.** | <br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңырақ ойыны»<br>**Шарты:** Жерге шеңберлер қойылады. Әуен ойнағанда балалар билейді. Әуен тоқтаған кезде, балалар шеңберді алып жоғары көтереді. Шаңырақта балалар саны бірдей болуы керек.<br><br>**3.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну.<br>**Суретпен жұмыс**<br>Суретке қарап, Отан туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>-Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>-Отанды не үшін сүйеміз?<br>-Отанды неліктен қастерлейміз?<br><br>Біз-Қазақстан Республикасының азаматымыз. Біздің Отанымызда түрлі ұлттар бір-бірімен дос, тату-тәтті өмір сүреді. Біз Отанымызды сүйеміз, мақтан етеміз.<br>-Біз Отанымызды не үшін мақтан тұтамыз? | «Көрші-көрші»<br>**Шарты:** Педагог бір санды айтады.<br>Мысалы: «Жеті» дейді. Қолында 7 саны бар бала, бір қадам ілгері шығып, балалардың алдында тұрады.<br>Педагог тағы да: «Бұл санның көршілері қатарына тұрыңдар!»-дейді. Оның қатарына 6 және 8 деген карточкалар тұрып, 6 7 8 сандарын құрайды.<br>Ойын осылай жалғасады.<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Міндеттері:** Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>«Қандай көлік түрлерін білесіңдер?» деген сұраққа балалар сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады. Көліктердің пайдасы туралы әңгімелеу.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>.Ақ шатырлы бір қала,<br>Суда жүзіп жүр дара.<br>(кеме).<br>.Бұрқыраған буы бар,<br>Толқынменен жуынар.<br>(кеме).<br>-Қандай су көліктерін білесіңдер?<br>-Су көлігін атаңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аламын,-деп ол ағашта жазылған әріптерді нұсқайды. Онда «Көжек»-деп жазылып тұр екен. Көңіл-күйі түсіп кеткен көжек:<br>«Мен үйге кеттім,-дейді.-Менің қолымнан ештеңе келмейді».<br>Бір кезде көжек өзінің секіре алатынын еске түсіреді. Енді ол секіре бастайды. Ағаштардың арасымен ытқып-ытқып секіріп, жылдамдығын арттыра түседі. Сөйтіп келе жатқанда тоғанның ішіне түсіп кетеді.<br>-Қараңдар, қорқынышты құбыжық,-деп айғайлайды елік үсті-басын батпақ пен балдыр басқан көжекті нұсқап. Бүкіл ормандағы жануарлар көжекке күледі. Сонда барып көжек не істеу керек екенін түсінеді.<br>-Мен ең жақсы нәрсе істей аламын,-деп айғайлайды ол.<br>-Мен адамдарды күлдіре білемін.<br>-Оның рас,-деп достары бірауыздан келіседі.<br>-Бұдан былай біз сені **«Көңілді көжек»**-деп атайтын боламыз дейді достары.<br><br>-Балалар, ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Ертегі не туралы екен?<br>-Олай болса сендер **тиіннің тапсырмасын** орындаңдар. | Бізде аман боламыз.<br>**Ой қозғау:**<br>-«Табиғатпен біргеміз»-деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Табиғатты қалай сезінуге болады?<br>-Әсем табиғаттан,<br>-Шуақты күннен, жауған жаңбырдан қандай әсер аласыңдар?<br>-Аңдардың қимылын, жүрісін, дыбысын салып көріңдер.<br>**Дәйексөз:**<br>Табиғатты сүймеген адам, өзгені де сүйе алмайды.<br>**«Табиғат аясындағы адамдар»** тақырыбында балалармен бірге әңгіме құрастыру, әңгімелеу.<br><br>-Табиғат аясына демалысқа шыққанда адамдар өздерін қалай ұстайды?<br>-Адамдар зиянкестік жасағанда ағаштар, өзен, құстар, жан-жануарлар өздерін қалай сезінеді деп ойлайсыңдар?<br>-Өздерің олардың орнында болсаңдар, сол адамдарға не айтар едіңдер?<br>**Табиғат**-адамды қуанышқа бөлейді. Адамның табиғатқа деген сүйіспеншілігі оның сұлулығы мен байлығын сақтауға көмектеседі.<br>-Табиғат сұлулығын сақтау үшін не істеу керек?<br>**Д.О.** «Қанатты достар»<br>**Шарты:** Педагог балаларды құстардың | <br>**Суреттегі заттарды сана, сол санды белгіле.**<br><br>**Көжектің тапсырмасы:**<br>Сергіту сәті: «Ұзын құлақ сұр қоян»<br>**Шарты:** Балалар қимылмен көрсетеді, бірге айтады.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкіндік беру.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң, | -Өзің тұратын жер несімен көрікті?<br>-Еліміздің қандай мемлекеттік мерекелерін білесіңдер?<br>-1-Мамыр қандай мереке?<br>**Бірге жаттайық!**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отан деген-туған жер.<br>Отан-ана,<br>Отан-үлкен.<br>Қазақстан-туған ел.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Менің елім» тақырыбында коллаж құрастыру.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>***Ән айту.*** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, катты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. | -Кеме қайда жүзеді?<br>**Д.О.** «Не артық?»<br>**Шарты:** Педагог көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар аталған көлік түрлерінің артығын тауып айтады және оның неге артық екенін дәлелдейді.<br>**Жапсыру:** «Теңізде жүзген кеме»<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қанатымызды жаямыз.<br>Ұшақ болып ұшамыз,<br>Суда жүйіткіп жүземіз,<br>Кемелерді түземіз.<br>Жол тәртібін сақтап,<br>Троллебусқа мінеміз.<br><br>-Алыс жолға, саяхатқа шыққанда қандай көліктермен жүреміз?<br>-Алыс жол жүріп көрдіңдер ме?<br>-Өзің қандай көлікті ұнатасың? Әңгімеле.<br>**Д.О.** «Толықтыр»<br>**Шарты:** Педагог сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып, сөйлемді толықтырып айтады.<br>Мысалы: Егер жермен жүрсе-бұл....(жер) көлігі. Олар: жеңіл машиналар, автобус, троллейбус. Егер сумен жүрсе-(су) көлігі. Олар: қайық, кеме, теплоход.<br>**4.Денешынықтыру.**<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**Еліктің тапсырмасы:**<br>«Пішіндерді ата»<br>**Шарты:** Педагог балаларға бірнеше пішіндерді көрсетеді. Балалар пішіндерді атайды.<br>«Санау таяқшаларынан пішіндерді құрастыр»<br>**Шарты:** Балалар санау таяқшаларынан пішіндер жасайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Пішіндер әні»<br>**Көжектің тапсырмасы:**<br>**Шарты:** Педагог балаларға көңілді музыка әуенімен көжектер сияқты секіруді ұсынады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>(тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауға эксперимент жасауда түрлендіруде мүмкімдік беру. | хатымен таныстырады.<br>-Құстарға қандай тілек айтуға болады?<br>-Құстарға қандай көмек көрсетуге болады?<br>-Қандай қамқорлық жасауға болады?<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>**Д.О.** «Табиғатпен тілдесу»<br>**Шарты:** Суреттегі күн, жаңбыр, жел, қар, найзағай табиғат құбылыстарымен тілдесіп көріңдер.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би | Бақытты өмір сүреміз!<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>Дәптердегі ұлттар достығы бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.<br>**1-Мамыр**-Қазақстан халқының бірлігі мен достығын паш ететін мереке. Еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың достығы мен бірлігі, татулығы мен ынтымағы өзге елдерге өнеге боларлықтай. Заманында қазақтың дарқан даласы көптеген ұлттарға пана, қамқор болды. Соның нәтижесінде қазақ жері бауырластар мекені, достықтың құтты ұясы атанды. Жүректері жомарт, алақандары ашық қазақ елі өзге ұлт өкілдерімен бір ананың баласындай ғұмыр кешуде. «Бірлік бар жерде-тірлік бар», «Ырыс алды-алды ынтымақ» дейді халық даналығы.<br>**Боямақ**<br>Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, суретті бояуды ұсыну.<br>**Д.О.** «Қай ұлттың киімі?»<br>**Шарты:** Балалар сурет арқылы әр ұлттардың киімдерін атайды.<br><br>**4. Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Гүлге қонды көбелек.<br>**Сабақтың мазмұны:** Ұжым болып жапсыру жұмысын дұрыс ұйымдастыруға дағдыландыру. Гупканы гуашқа батырып, трафаретпен, көбелектің суретін салу. Ұжымда жұмыс істеуге | **Билер.** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Дос болайық бәріміз» Д.Ботбаев.<br>-Достар қандай болады?<br>-Өз досыңды ата?<br>-Мерекеде досыңа қандай сыйлық сыйлағың келеді?<br>-Ән қанлай орындалды?<br>**Ән айту:** «Достық жыры» И.Нүсіпбаев.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Балақан да алақан»<br>**Шарты:** Әуенді орындай жүріп ырғақпен қол соғу. | өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.<br><br>-Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар, адамның көңілді болуы неге байланысты?<br>-Дені сау адам көңілді, бақытты болады.<br>-Адам не үшін жуынады?<br>-Сендер қолдарыңды, беттеріңді қай уақытта жуасыңдар?<br>-Жуынбай жүрген бала қандай бала?<br>-Салақ бала неге ұшырайды?<br><br>**Суретпен жұмыс**<br>«Тазалықтың достары»<br><br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Тазалықтың досы,<br>**Су**-дегенің осы.<br>Сабындаған кезінде,<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шаттық шеңбері**<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз!<br>**Педагог:** Қазақстан-көп ұлтты мемлекет. Біздің елімізде орыс, татар, ұйғыр, неміс, кәріс т.б. ұлт өкілдері тұрады. Әрбір ұлттың өз ана тілі, салт-дәстүрлері, ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары бар. Олар бірлікте, татулықта өмір сүреді.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Хлебчик»<br>(украйн халық ойыны).<br>**Шарты:** Бір бала жүргізуші болып ортада тұрады. Ал қалған балалар жүргізушіні айналып шеңбер құрып тұрады.<br>**-Балалар:** «Наубайханашы бізге нан пісіресің бе?»-дейді.<br>-Пісірем, пісірем-дейді **наубайханашы.**<br>-Ал қуып жетесің бе?<br>-Қуып жетемін -дейді.<br>Кімді қуып жетеді, сол бала жүргізуші болады.<br>**Бірге жаттайық!**<br>**Ағайынбыз бәріміз.**<br>Ортақ болсын асқар тау,<br>Жеміс толы бақша-бау.<br>Болсын жер мен су ортақ,<br>Болсын кең де, көл ортақ.<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>-«Ағайынбыз бәріміз»-деген сөз нені білдіреді?<br>-«Ынтымақ»-деген сөзді қалай түсінесіңдер? | қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Отан-ортақ үйіміз»<br>Д.Ботбаев.<br>-Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>-Отан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?<br>-Біздің туған Отанымыз қалай аталады?<br>-Ән қанлай орындалды?<br>-«Отан оттан да ыстық»-деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>**Ән айту:** «Достық»<br>Й.Нүсіпбаев.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Балақан да алақан»<br>**Шарты:** Әуенді орындай жүріп ырғақпен қол соғу. | тәрбиелеу. Шығармашылық қабілетін жетілдіру.<br>**Ән айту:**<br>**«Көбелек»**<br>Қызыл қанат көбелек,<br>Жасыл қанат көбелек,<br>Гүлден гүлге қонасың,<br>Ұстатпайсың не керек?<br><br>Ақ қанатты көбелек,<br>Көк қанатты көбелек,<br>Қызыл қанат көбелек,<br>Бақшамызға келе кет.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Үстіндегі көйлегі,<br>Түрлі-түсті не керек?<br>Қызықтырар көргенді,<br>Мұның аты.....(көбелек).<br>**Ой қозғау:**<br>-Көбелектер жылдың қай мезгілінде болады?<br>-Көбелек туралы не білесіңдер?<br>-Көбелектер қандай болады?<br>-Көбелек қалай тамақтанады?<br>**Тыңда:**<br>Көбелектер өте иісшіл келеді. Хош иісті гүлдің иісін үлкен арақашықтықтан сезіп қояды. Көбелектің ұзын, жіңешке тұмсығы болады, сол тұмсығымен гүлдің тәтті шырынын, жеміс-жидектерді тұмсығымен тесіп, шырынын сорып алады.<br>**Бірге жаттайық!**<br>Әп-әдемі көбелек,<br>Бәрі оны елемек.<br>Көбелекті бояйық,<br>Гүлге ұқсатып керемет.<br><br>Көбелек-ау көбелек,<br>Әдемісің керемет.<br>Гүлге келіп қона ғой,<br>Өзің де гүл бола ғой. | | Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы,<br>**Сабын-**деген осы.<br>Ақ мақтадай түгі бар,<br>Қызыл-жасыл түрі бар.<br>Жұмсақтығы мамықтай,<br>Сүртінесің жалықпай.<br>Тазалықтың досы,<br>**Сүлгі-**деген осы.<br>**Жұмбақ жасыру**<br>.Ертемен күнде сен,<br>Қолыңа сүйкесең.<br>Кетіп кір-ласың,<br>Тап-таза боласың.<br>(сабын).<br>.Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды.<br>(сүлгі).<br>.Аюмен, қасқырдан да,<br>Ұзын менің тістерім.<br>Бірақ жыртқыш аң емеспін,<br>Шашқа мен сән беремін.<br>(тарақ).<br>.Жылы және құйын жаңбыр,<br>Бұл жауын бірақ жәй емес.<br>Аспаны жоқ, бұлты жоқ,<br>Күні бойы жууға әзір.<br>(душ).<br>**Қортынды:**<br>Тазалық-саулық негізі,<br>Саулық-байлық негізі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ынтымақ бар жерде бақыт бар»-жоғары, орта, төмен дауыспен айтылады.<br>**Д.О.** «Досынды тап»<br>**Шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді бір топтық балалары көздерін таңып, өз достарын табуы керек. олар өз досының қолын, шашын, киімін ұстап, сипау арқылы табады.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Достық үйін құрамыз.<br>**Қорытынды:**<br>-Біз қай мемлекетте өмір сүреміз?<br>-Біздің мемлекетімізде қандай қандай ұлт өкілдері тұрады?<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Спорттық ойындар.<br>Футбол элементтері.<br>Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:**<br>Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала мысық болады. Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды, | | **Сурет салу:** «Гүлге қонды көбелек»<br>Гупканы гуашқа батырып, трафаретпен, көбелектің суретін салу.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көбелектер биі»<br>**Шарты:** Биді жеңіл, денені еркін ұстап, аяқтың ұшымен, қалқып ұшып, бір-біріне кедергі келтірмей билеу.<br><br>**4.Денешынықтыру.**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>**Тамақтану мәдениеті.**<br>**Есте сақта!**<br>.Дастархан басына отырғанда қол таза болуы керек!<br>.Тамақты шайнағанда сөйлеуге болмайды!<br>.Аузыңды жауып, дыбысыңды шығармай шайна!<br>.Тамақ қалдығы мен нан қоқымын қолмен емес, арнайы шүберекпен сүртеді.<br>.Ортаға қойылған тамақты тек өз алдыңнан ғана алып же!<br>Дұрыс тамақтану адам денсаулығына өте пайдалы.<br>Таңертеңгі асқа сұлы, күріш, қарақұмық, тары сияқты дәнді дақылдардың бірінен дайындалған ботқа жеу керек.<br>Ботқаға жеміс-жидек, жаңғақ қосу оны пайдалы әрі дәмдірек етеді.<br>-Сендер қандай ботқаны жақсы көресіңдер?<br>-Үйде ботқаны өзің қалаған әдіспен безндіріп көр.<br>.Ет, тауық, балық сорпасы | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көзін қатты қыспайды. Балапанды ұстайды? **Мысық:** «Мияу!»-деп балаларды қуа жөнеледі. | | пайдалы. -Отбасында анаң қандай сорпа дайындайды? -Сен және жақындарың қандай ыстық тамақты ұнатасыңдар? Әңгімелеп бер. -Сорпадағы жуа, сәбіз, картопты теріп алып тастайтын балаға не деуге болады? .Тамақ дайындайтын адамның еңбегін құрметте. .Көкөніс салаты өте пайдалы. Салат дәмді болу үшін не қосып араластыруға болады? **Есіңе сақта!** .Көшеде жүріп тамақтанба! .Түргеп жүріп тамақтанба? Ол ас қорыту үшін зиян. .Тамақтанар алдында тәттілерді жеме! **Шығармашылық үзіліс.** «Пайдалы тағам» **Шарты:** Бес пайдалы тағам түрін анықта. Олардың суретін сал. | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуен** | №1. Ауа-райына бақылау жасау. | 12.Жаңадан өсіп келе жатқан шөптерді бақылау. | №15 Ағаш пен бұталарды бақылау. | №4. Жәндіктерді бақылау. | №7. Құстарды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытуды жалғастыру. | Бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды меңгерту. | **Боямақ** Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, суретті бояуды ұсыну. | Тақпақтарды жаттау. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналарға кеңес: Балаларға кітаптардан қызықты әңгіме, ертегілер оқып беруге кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: «Балаңыздың сөзіне құлақ асыңыз» | Ата-аналарға кеңес: «Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз» | Өлең, тақпақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |